

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 8 шілдедегі № 468 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті Алматы облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесіне "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Алматы облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің "Достық" кедені" республикалық мемлекеттік мекемесін қосу жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Мынадай республикалық мемлекеттік мекемелер құрылсын:

1) "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті Түркістан облысы бойынша қазынашылық департаментінің Сауран аудандық қазынашылық басқармасы";

2) "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті Түркістан облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің Сауран ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы".

3. Осы қаулының 2-тармақта көрсетілген республикалық мемлекеттік мекемелерді қаржыландыру 2021 – 2023 жылдарға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне көзделген қаражат есебінен және шегінде жүзеге асырылады деп белгіленсін.

4. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 24 сәуірдегі № 387 қаулысына мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі туралы ережеде:

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің және оның ведомстволарының қарамағындағы аумақтық органдардың тізбесінде:

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің аумақтық органдары – республикалық мемлекеттік мекемелерінің тізбесі мынадай мазмұндағы 200-3-тармақпен толықтырылсын:

"200-3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті Түркістан облысы бойынша қазынашылық департаментінің Сауран аудандық қазынашылық басқармасы.";

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің республикалық мемлекеттік мекемелерінің тізбесінде:

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелерінің тізбесі" деген 1-бөлімде:

56-тармақ алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 173-1-тармақпен толықтырылсын:

"173-1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті Түркістан облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің Сауран ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы."

5. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

А. Мамин